КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 18 желтоқсан №7119-25-00-2/13910 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.К.Кусманованың,
сот отырысының хатшысы К.Д. Жайлау қатысуымен,
ашық сот отырысында аудио-бейне жазба құрылғысын және «WhatsApp» қосымшасын пайдалана отырып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«SportOi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік су инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. соманы өндіру туралы
3. 2025 жылғы 8 шілдедегі № 230 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Б.С.Рашитова
талап қоюшының өкілі Н.Х.Тлепбергенов
үшінші тұлғаның өкілі Л.Г.Идрисова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ</u>:

2025 жылғы 8 шілдеде тараптар арасында № 230 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалды, оның талаптары бойынша

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жауапкер өзіне 2105600 теңге сомасына 10000 литр мөлшерінде АИ-92 жанар-жағармай (бензин талондарда) жеткізу жөніндегі міндеттемелерді қабылдады.

Шартқа 1 - қосымшаға сәйкес тауарды жеткізу мерзімі-2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

2025 жылғы 15 шілдеде жауапкер 2105600 теңге сомасына жанар-жағармай талондарын талапкерге берді, бұл 2025 жылғы 15 шілдедегі № 250268/00/1 тауарды қабылдау-беру актісімен расталады.

2025 жылғы 21 тамызда тауар (талондар) үшін төлем 2105600 теңге сомасына төленді, бұл осы күнгі № 6520004/25-2473 төлем шотымен расталады.

Жанар-жағармай үшінші тұлға Балқаш-Алакөл бассейндік су инспекциясының жұмысына арналған.

Жанар-жағармай талондарын пайдалану барысында Балқаш-Алакөл бассейндік су инспекциясының қызметкерлері 905 408 теңге сомасына 4300 (төрт мың үш жүз) литр бензинге арналған талондарды жарамсыз болғандықтан пайдалана алмады.

Талапкер сотта жауапкердің Шарттың талаптарын бұзғанын, осыған байланысты Шарт сот тәртібімен бұзылуға жататынын көрсетті. Игерілмеген сома 905408 теңге жауапкерден өндіріп алынуға тиіс, ал жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға тиіс.

Тиісті түрде хабарланған жауапкер сот отырысына келмеді, осыған байланысты іс оның қатысуынсыз қаралды. 2025 жылғы 3 желтоқсанда өткен әңгімеге жауапкердің өкілі Б. Үсенов қосылып, 905408 теңге сомасындағы ақша 2025 жылғы 8 желтоқсанға дейін қайтарылатынын түсіндірді.

Сот отырысында талапкердің өкілі жауапкердің байланысқа шыққанын, жетіспейтін талондарды беруге немесе ақшаны қайтаруға уәде бергенін түсіндірді. Бірақ жауапкер талаптарды орындаудан жалтарды. Талапкер Соттан талаптарды қанағаттандыруды сұрады.

Үшінші тұлғаның өкілі сотқа талапкердің талаптарын қолдайтынын және талапты толық көлемде қанағаттандыруды сұрады.

Прокурор қорытындысында талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

№1 талап бойынша.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: 1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің; 2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің; 3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің; 4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 22.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 23.01.2026, судья Кусманова А. К., 23.01.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Жауапкер талапкерге тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін болғанына қарамастан, мерзімі 2 айлық талондарды берді. Бұл ретте талондардың қолданылу мерзімі ұзартылған жоқ. Осылайша жауапкер Шарттың талаптары мен Заңын бұзды. Үшінші тұлғаның қызметкерлері қызметтік көліктеріне жанар-жағармай құя алмады, бұл үшінші тұлғаның өндірістік қызметіне кері әсерін тигізді.

Мұндай жағдайларда жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға тиіс.

№2 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272 бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Жауапкер Шарттың талаптарын тиісінше орындамады, 905408 теңге сомасындағы тауар іс жүзінде талапкерге берілмеді. Осыған байланысты бұл сома жауапкерден талапкердің пайдасына өндіріліп алынуға тиіс.

№3 талап бойынша.

АК 401 бабының 2 тармағына сәйкес Тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт:

1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде;

2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 22.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 23.01.2026, судья Кусманова А. К., 23.01.2026

7119-25-3-1/13967

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Талапкер шарт жасасу кезінде сенуге құқылы нәрсені алмағандықтан, соңғысы бұзылуға жатады. Бұл ретте ол сот тәртібімен бұзылуға жатады, өйткені Тараптар 2025 жылғы 15 шілдеде шарттың барлық сомасына тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойды, сондай-ақ толық көлемде төлем жүргізді. Мұндай жағдайларда талап қою толық көлемде қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі – АІЖК) 117-бабының тәртібінде жауапкерден мемлекет кірісіне 31 094 теңге сомасында мемлекеттік БАЖ өндірілуге жатады (905 408 теңге х 3% +1 966 теңге + 1 966 теңге).

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SportOi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SportOi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 905 408 (тоғыз жүз бес мың төрт жүз сегіз) теңге өндірілсін.

2025 жылғы 8 шілдедегі №230 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт бұзылсын.

Жауапкер «SportOi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 31 094 (отыз бір мың тоқсан төрт) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.К.Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 22.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 23.01.2026, судья Кусманова А. К., 23.01.2026

7119-25-3-1/13967